

2013 жылы Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы бойынша 2013 жылы субсидия алатындардың тізіміне енгізуге өтінім ұсынудың мерзімдерін және субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарының әрбір түрі бойынша егіс жүргізудің оңтайлы мерзімдерін белгілеу туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 19 сәуірдегі N 124 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 8 мамырда N 2274 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын аудандық әкімдігінің 2014 жылғы 19 наурыздағы N 47 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын аудандық әкімдігінің 19.03.2014 N 47 қаулысымен

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабы 1-тармағы 5) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 4 наурыздағы № 221 қаулысымен бекітілген өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға жергілікті бюджеттерден субсидиялау Қағидасының 12-тармағына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қосымшаға сәйкес 2013 жылы Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы бойынша субсидия алатындардың тізіміне енгізуге өтінім ұсынудың мерзімдері және субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарының әрбір түрі бойынша егіс жүргізудің оңтайлы мерзімдері анықталсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын аудан әкімінің орынбасары Н.Қ. Таласбаевқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

М. Омаров

Солтүстік

Қазақстан

облысы

Шал

ақын

аудан

әкімдігінің

2013

жылғы

19

сәуірдегі

№ 124 қаулысына қосымша

Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы бойынша 2013 жылы субсидия алатындардың тізіміне енгізуге өтінім ұсынудың мерзімдері

және субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарының әрбір түрі бойынша егіс жүргізудің оңтайлы мерзімдері

Диқаншылық аймағы	Дақыл	Өтінім ұсынудың мерзімдері	Егіс жүргізудің оңтайлы мерзімдері
II далалық, тегістікті, шоқты далалық	Орташа пісетін жаздық жұмсақ бидай сорттары	20 мамырға дейін	20 мамыр – 28 мамыр
	Орташакеш пісетін жаздық жұмсақ бидай сорттары	17 мамырға дейін	17 мамыр – 27 мамыр
	Орташаерте, пісетін жаздық жұмсақ бидай сорттары	25 мамырға дейін	25 мамыр – 3 маусым
	Жаздық қатты бидай	20 мамырға дейін	20 мамыр - 25 мамыр
	Арпаның орташакеш пісетін сорты	25 мамырға дейін	25 мамыр – 30 мамыр
	Арпаның орташа пісетін сорты	30 мамырға дейін	30 мамыр – 3 маусым
	Сұлы	25 мамырға дейін	25 мамыр – 30 мамыр
	Қарақұмық	20 мамырға дейін	20 мамыр – 25 мамыр
	Тары	25 мамырға дейін	25 мамыр – 30 мамыр
	Нұт	13 мамырға дейін	13 мамыр – 18 мамыр
	Бұршақ	20 мамырға дейін	20 мамыр – 27 мамыр
	Соя	22 мамырға дейін	22 мамыр – 25 мамыр
	Жасымық	22 мамырға дейін	22 мамыр – 28 мамыр
	Зәйтүн - дәстүрлі жыртылған тынайған жерге егу	12 мамырға дейін	12 мамыр – 20 мамыр
	Зәйтүн - төменгі-нөлдік тынайған жерге егу	20 мамырға дейін	20 мамыр – 28 мамыр
	Зығыр, қыша	18 мамырға дейін	18 мамыр – 25 мамыр
	Майлытұқымдық күнбағыс	15 мамырға дейін	15 мамыр – 20 мамыр
	Рыжик	20 мамырға дейін	20 мамыр – 26 мамыр
	Картоп	15 мамырға дейін	15 мамыр – 30 мамыр
	Күздік бидай	25 тамызға дейін	25 тамыз – 8 қыркүйек
	Күздік қарабидай	25 тамызға дейін	25 тамыз – 8 қыркүйек
	Сәбіз (тұқым)	10 мамырға дейін	10 мамыр – 20 мамыр
	Пияз (тұқым)	10 мамырға дейін	10 мамыр – 20 мамыр
	Қызылша	25 мамырға дейін	25 мамыр – 5 маусым
	Қияр	16 мамырға дейін	16 мамыр – 5 маусым
	Қырыққабат көшеті	25 мамырға дейін	25 мамыр – 12 маусым
	Қызанақ көшеті	28 мамырға дейін	28 мамыр – 12 маусым
	Сүрлемдік жүгері	16 мамырға дейін	16 мамыр – 20 мамыр
	Сүрлемдік күнбағыс	18 мамырға дейін	18 мамыр – 24 мамыр
	Азықтық бір жылдық жасыл шөптер (сұлы + бұршақ,		

сұлы + арпа), шөп (суданка шөбі, тары, могоар, сұлы + сиыржоңышқа) және пішендеме (сұлы + арпа + бұршақ, сұлы + бұршақ, тары + бұршақ)	5 маусымға дейін	5 маусым – 10 маусым
Жасыл конвейер: (бір жылдық шөптер)		
I мерзім (бұршақ + сұлы)	8 мамырға дейін	8 мамыр – 10 мамыр
II мерзім (сұлы + арпа + бұршақ + бидай, суданка шөбі + бұршақ, тары + бұршақ)	23 мамырға дейін	23 мамыр – 25 мамыр
III мерзім (бұршақ + сұлы + арпа, суданка шөбі + бұршақ, сұлы + бұршақ)	8 маусымға дейін	8 маусым – 10 маусым
IV мерзім (зәйтүн, сұлы)	8 шілдеге дейін	8 шілде – 10 шілде
Көп жылдық шөптер:		
I мерзім (жоңышқа, түйе бұршақ, бидайық, эспарцет, козлятник, кострец)	5 мамырға дейін	5 мамыр – 15 мамыр
II мерзім (жоңышқа, түйе бұршақ, бидайық, эспарцет, козлятник, кострец)	5 шілдеге дейін	5 шілде – 20 шілде
Күздік қара бидай (жасыл азыққа)	10 тамызға дейін	10 тамыз – 15 тамыз

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ